

МЕРЕЙІ АСҚАН АТАНЫҢ ТОЙЫ

СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛҰЛЫ – ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ҒҰМЫР КЕШКЕН, САН ҒАСЫРЛЫҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫН БІЗДІҢ ЗАМАНҒА ЖЕТКІЗГЕН ЖЫР САҢЛАҒЫ, ХАЛЫҚ АҚЫНЫ.

Екі ғасырды жырлап өткен ақын Сәттіғұл Жанғабылұлының 150 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде: Алматы, Астана, Атырау облыстарында да кең көлемде тойланып, жыршының жырларын насихаттаған жыр кештері өткізілді.

10-11 маусым күндері өзінің туған топырағы Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылында дүбірлі той өте жоғары деңгейде өтті. Осы айтулы тойда Тұщықұдық тұрғындары тарапынан барынша ықылас, зор ұйымшылдықпен қызмет көрсетілді. Тойға 30-дың үстінде киіз үй тігіліп, 3 000-ға жуық той қонақтары қатысты. Әрбір киіз үйдің маңдайшасындағы атаудың өзінің атаға қатысы барлығы көрініп тұрды. Мысалы, Тәрбие анамыздың әкесі, яғни атаның қайын жұрты атынан тігілген үй – «Оспан молда Баймырзаұлы атындағы», «Айдар ишан Шайхысламұлы» деген сияқты барлық Жары ата ұрпақтарының тіккен ақ шағаладай киіз үйлері біртұтас ауылға айналып, қонақтарға ерекше әсер берді. Атаға деген құрмет пен ағайын арасының ауызбіршілігі көңілімізді толқытты. Ұрпақтарының мың жасауына тілек қосып, бата беріп кеткен Сәттіғұл ағамыздың елдікке қосқан үлесі барынша шындыққа айналған өте мәнді көрініс болды.

Той қонақтарына атаның өз ұрпақтары мен Маңғыстау облыстық, аудандық кітапхана, мұражай қызметкерлерінің еңбектерін айтпай өту қате болар.

Той аталар қауымында Құран бағышталып, тәу етуден басталып, мектеп ішінен ақын атаға арналған мұражай ашуден жалғасты. Тойға көрік берген қолөнер шеберлерінің көрмелері туралы әңгіме бір бөлек...

Сәттіғұл Жанғабылұлының 150 жылдық мерейтойын облыс әкімінің орынбасары Аббат Әрісбаев мен аудан әкімі Ғалымжан Ниязов ашып берді.

70 жастағы ауыл ақсакалы, жеке кәсіпкер Бердіғали Іздібаев атаның мерейтойына 3 000 000 теңгеге жуық қаражат бөліп мәдениет үйінің алдына «домбыра» инсталляциясын тарту етсе, 30 жылдық түлектер ауылдың көркін келтірген заманауи сахнаны тарту еткен сауапты істер болды.

Ақын атаның өзі армандап кеткен «Сәттіғұл – жырдың шынжыры» атты жыр жинақтары кітабының тұсаукесері болды. «Қазақ кітабы» баспасы таралымы 500 дана, салмағы 2 400 г, 1 000 беттен тұратын көлемді кітапты ұсынды. Алғysсөзін жазған Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Светқали Нұржан (Айт-Ман), «Сәттіғұл – жырдың шынжыры» кітабын құрастырушылардың бірі философия докторы (PhD) Шоқай Мұстафа, ғалым Қабіболла Сыдиықұлының жары Гүлшат Омарқызы, Сәттіғұл Жанғабылұлының қызы Ақбибі Сәттіғұлова апаларымыздың кітап тұсауын кесуі ерекше бір тарихи сәт болды.

Мәдениет үйінде «Мұхиттан қалмыш теңіз-жыр» атты республикалық жыршылар байқауы екі кезең бойынша екі күнге жалғасты, «Bas Time Aktau» интеллектуалдар сайысы жастар арасында додалы ойын тартысты өтті. Жеңіске жеткен бірнеше топтар ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Сондай-ақ Сәттіғұл ақын ескерткішінің ашылуы кезінде өмірінен дайындалған бейнефильмінің көрсетілімі де ерекше бір әсерге бөледі.

Республика жұлдыздары мен өлке өнерпаздары және Тұщықұдық түлектерінің дайындаған «Әлеумет келдің алқалай» атты гала концерті түнгі аспанда ауылды әсем әуенге бөлеп, той қонақтарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

11 маусым күні жыршылар байқауының екінші кезеңі өткізіліп, орталық алаңда республикалық тарихтанымдық конференцияда тағылымы мол ғалымдардың тыңдалымы өтті. Осы уақытта ауыл мешітінде Айдар ишан Шайхысламұлы, Ержан хазірет Төлегенұлының, Жанғабыл би Дабылұлының және Сәттіғұл ақын Жанғабылұлының құрметіне Құран Кәрімнің 28,29,30-параларын жатқа оқудан ерлер арасындағы «Құран – қос дүниенің шамшырағы» атты облыстық қарилар байқауы өтті. Сондай-ақ 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесі бойынша қазақ күресі республикалық турнирі, қой көтеру, Сәттіғұл Жанғабылұлының атындағы мектеп оқушыларының халық ақынының жырларына арналған поэзия кешімен жалғасты. Екі күнге жалғасқан той, жарыстар өз мәресіне жетіп, барлық жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: Сәттіғұл Жанғабылұлының 150 жылдық тойында ағамыздың мерейін асырып бүгінгі ұрпаққа ұлықтап, келер ұрпаққа жеткізу мақсатында дүбірлі тойды ұйымдастырып, республикалық деңгейде жақсы өтуіне атсалысқан ел ағаларына мың алғыс! Атап айтар болсақ, облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбайұлына, орынбасары Аббат Жәңгірханұлына, аудан әкімі Ғалымжан Мұқырұлына, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын ағамыз Светқали Нұржанға, осы тойдың өтуіне ақын ата кітабының шығуына бірден-бір үлкен үлес қосқан, жаста болса бас болып, ұлттық өнер төрде болсын деп жүрген Бердіхан Әлменге, осы тойда ерекше қызмет көрсеткен, ұйымдастыру алқасына, Асқар Керелбаев ағамызға, ауыл ақсақалдар кеңесі, ағайын қашан да тілеуімізді тілеп жүретін Лес Айтанов ағайға, айтулы ата асына демеуші болған Сағынғали Лесұлына, Нұрлан Дүйсебекұлына, Рүстем Ерекешов, Аргын Маңғыбаевтарға, ағамның 150 жылдық мерейтойына тарту еткен арман, мақсатын, аманатын орындаған «Сәттіғұл – жырдың шынжыры» атты кітабын шығарған «Қазақ кітабы» баспасына, құрастырушы Шоқай Мұстафаға, «Сәттіғұл мен тұлғалар» кітабын шығарған «Үш қиян» баспасы мен атыраулық Бауыржан Сисеновке, ақын ата тойында ең әсерлі қорытынды болған жыршылар сайысының жеңімпазы жетібайлық Бердібай Тойғұлиевке, жыраулар сайысында бұрын-соңды болмаған, қазақ жырының құрметіне сайыста бас жүлдеге ең алғаш рет үй тігілген, нағашысының мерейін асырған кәсіпкер жиеніміз Талғат Нұржановқа ризашылығымыз шексіз. Сондай-ақ ақын тойына ат салысып жүрген барлық қатысушыларға, барша ағайын, тұлаластар ата еліне мың алғыс дейді, Жанғабыл атадан тараған Шодыранұлы Әдебиет әулеті ұрпақтары.

Гүлзия БЕСІМБАЕВА,
Қарақия ауданының №4 жалпы білім беретін мектебінің кітапханашысы.

ҮНЕМШІЛДІК – БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛУЫ КЕРЕК

ЕЛІМІЗДЕ АУҚЫМДЫ ТАЛҚЫЛАНЫП, ҚОЛҒА АЛЫНЫП ЖАТҚАН «САЛАУАТТЫ САНА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БЕС КЕСЕЛДЕН АРЫЛУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЫСЫРАПШЫЛДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ, БҮЛДІРШІНДЕРДІ СӘБИ ЖАСТАН ҮНЕМДІЛККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – НЕГІЗГІ ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫМЫЗДЫҢ БІРІ.

Балабақшадағы туған күн кештерін тойлау, оларға аниматорлы қуыршақтарды жалдау, сыйлықтар сатып алу, ата-ананың қалтасын қакқан бұл көріністің өзі бүлдіршіннің бойына ысыраптың тамшысын сіңіріп жатқанмен бірдей екендігін, сондықтан саңырауқұлақтай қаулаған бұл дүрбеленді дер кезінде тоқтатуды қолға алып, үнемшілдік тәмсілін балабақшаға енгізуді, ата-аналар арасында қоғамдық кеселді оның ішінде ысырапшылдық туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұжым болып бірауыздан қолдап, тәрбиені балабақшадағы бүлдіршіндерден бастап үнемшілдікке үйрету мақсатында ұйымдастырылған іс-шараларымыз жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Ата-ана тарапынан жасалатын мұндай іс-шараларға бөбекжайымызда тығым салынып, оның орнына баланың туған күніне орай бір-біріне құттықтау тілек айтуды үйрету, туған күні болған балаға арнап ән айтып беру, түрлі ойындар ұйымдастыру сияқты іс-шаралар өткізілуде. Балаларға тағам



құндылықтарын түсіндіру, берілген тамақты тауысып ішу, нан қикымын тастамай ойын алаңындағы құс ұяларына апару сияқты қамқорлық пен жақсы әдеттер бүлдіршіндерімізге тұрақты үйретілуде.

Бөбекжайымызда ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларымызға ерекше көңіл-күй сыйлау және ысырапшылдыққа жол бермей мақсатында ертегі қойылымдары, сахналық көріністер, мерекелік кеш-

тердегі кейіпкерлерді сомдау ата-аналардың қатысуымен өтеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды халқымыздың ұлттық салт-дәстүрімен тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-аналардың мектепке

дейінгі мекемелерде кездесетін қиындықтарға назарын аударту мақсатында бөбекжайымызда Әкелер мектебі, Әжелер мектебі, Аналар мектебі құрылып, жоспарлары жасақталып, дөңгелек үстелдер тренингтер мен байқаулар ұйымдастырылып отырады.

Райхан ИЗБАСАРОВА,
Ақтау қаласының №57 «Ақбота» бөбекжайы директоры.

ШАМШАДИН АМАНҒАЛИ ШАМШАДИНҰЛЫ



Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан тұлға, Бейнеу ауданының Құрметті азаматы Шамшадин Аманғали Шамшадинұлы өмірден озды.

Аманғали Шамшадинұлы 1950 жылғы 3 шілдеде қазіргі Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының Сам ауылдық округіне қарасты Қона елді мекенінде дүниеге келген.

Еңбек жолын 1967 жылы Сам метеостанциясында радиооператор стажері болып бастап, Алматы гидрометеомектебінде білім алған. 1968 жылы оқу орнын аяқтап, Сам-1 елді мекенінде техник-радиооператор болып еңбек етті.

1974 жылы Ташкент темір жол көпірі инженерлері институтын тәмамдап, еңбек жолын Бейнеу станциясында станция кезекшісі болып жалғастырды.

1976 жылы Бейнеу аудандық комсомол комитетінде қызмет атқарып, кейінгі жылдары Опорный темір жол станциясында, Бейнеу аудандық атқару комитетінде, аудандық партия комитетінде, Бейнеу станциясындағы тораптық партия комитетінде, Форт-Шевченко қалалық партия комитетінде, Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесінде және облыстық атқару комитетінде түрлі жауапты лауазымдарда қызмет атқарды.

1990 жылдардың басында ҚР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің Маңғыстау облысы бойынша комитетіне басшылық жасап, кейін облыстық өнеркәсіп, экономика және сауда салаларында жауапты қызметтерде болды. 1992–1995 жылдары халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалына жетекшілік етті.

2000–2011 жылдары облыстағы басқармаларға басшылық етіп, 2011–2014 жылдары «Нұр Отан» партиясы МОФ қоғамдық қабылдау бөлмесін басқарды.

Елге сіңірген ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып, көптеген мерекелік медальдармен, түрлі мемлекеттік және ведомстволық Құрмет грамоталары, Алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ «Құрметті автокөлікші» төсбелгісіне ие болып, Бейнеу ауданының Құрметті азаматы атанды.

Орны толмас ауыр қазаға байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақын-жуықтарына қайғыра көңіл айтамыз.

Аманғали Шамшадинұлының жарқын бейнесі, еңегелі өмір жолы мен елге сіңірген еңбегі туған-туыстарының, әріптестері мен барша жұртшылықтың жүрегінде мәңгі сақталады.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ, МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақжол-Ай» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобаның атауы: «Төмен радиациялық метал сынықтарын, металл, шыныпластик, пластик, полиэтилен СКҚ құбырларын, жабдықтар мен материалдарды залалсыздандыру және тазарту жөніндегі өндірістік база» жобасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы есеп.

Қоғамдық тыңдаудың өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 30 қыркүйек, сағат 11:00-де өтеді.

Онлайн қосылу сілтемесі:
<https://us04web.zoom.us/j/73592242767?pwd=SqO6qLxk6XyS6dlT4VVkatnJmB15T.1>

Конференция идентификаторы: 735 9224 2767. **Кіру коды:** B92RE3.

Жобаның атауы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, Өнеркәсіптік аймақ 1, №100/4 ұшаске мекенжайында орналасқан «Ақжол-Ай» ЖШС өндірістік базасы үшін II санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатындағы жобалық құжаттама пакеті.

Қоғамдық тыңдаудың өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 30 қыркүйек, сағат 12:00-де өтеді.

Онлайн қосылу сілтемесі:
<https://us04web.zoom.us/j/75873099099?pwd=JtlIdukfCXiaE6xnZS1pVzlbxKr02bp.1>

Конференция идентификаторы: 758 7309 9099. **Кіру коды:** wм22d8.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Басқұдық ауылы, Шерқала көшесі, 111-үй («Самал» тұрғын үй массиві), мәдениет үйі.

Әсер ету аумағы: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық а.о., Басқұдық ауылы.

Жұмыс учаскесінің географиялық координаттары: 43°42'07.42" с.е., 51°14'38.96" ш.б.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Ақжол-Ай» ЖШС. БСН: 011040007447. Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 3, 1/2. Телефон: +7 (771) 679-08-80. Электрондық пошта: ab1216@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші: «ATLAS EXPERT» ЖШС. БСН: 260140000085. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Ө. Бөкейханов көшесі, 17. Телефон: 8-771-167-5702. Электрондық пошта: atlas.zhoba@gmail.com.

Жоспарланып отырған қызмет бойынша қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон арқылы алуға болады: nkanibetova@internet.ru, тел. 8 771 167 5702.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға – С.Базарбай, әл. пошта: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, G.tulembet@mangystau.gov.kz. Тел. 8 (7292) 46-21-31.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет ресурсында орналастырылған.

20.05.2014 ж. **Г.И.КЕНГАНОВАНЫҢ** атына берілген №2307 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

01.11.2018 жылы **Д.Ф.БАГИБАЕВТЫҢ** №2-4177 атына берілген сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

КАРАЖАНОВ АЙТКУЛ ДАУТБАЕВИЧТІҢ қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекенжай бойынша нотариуске хабарласуын сұраймыз: Ақтау қаласы, 8-ш/а, 14-үй, 2-пәтер, тел.+7701 9998733. **НОТАРИУС** Рахман Ө.Е.